

МИНУВШИЙ ГОД БЫЛ СЛОЖНЫМ, НО МЫ СПРАВИЛИСЬ СО ВСЕМИ ПОСТАВЛЕННЫМИ ЗАДАЧАМИ. ВЫПОЛНЯЮТСЯ ПОКАЗАТЕЛИ, РАЗРАБОТАНЫ МЕРОПРИЯТИЯ, ВНЕДРЯЮТСЯ ПРЕДЛОЖЕНИЯ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА УЛУЧШЕНИЕ ЭКСПЛУАТАЦИОННОЙ РАБОТЫ РЦУП-2 АЛМАТЫ.

Айдос ТУРГАЛИЕВ,  
начальник РЦУП-2 Алматы



№2 (2819)  
13/01/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ОБЪЕДИНЕННЫЕ ОДНИМ ИНТЕРЕСОМ

Казахстан и Россия об- судили вопросы вза- имодействия в сфере транспорта, логистики и промышленности, со- общила пресс-служба Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстана.



Айлин БАУРЖАН,  
Астана

Первый заместитель Премьер-министра РК Роман Скляр с рабочим визитом посетил город Москву. В состав делегации также вошли министр индустрии и инфраструктурного развития РК Марат Карабаев и управляющий директор по производственным процессам АО «НК «Казахстан темір жолы» Бауыржан Урынбасаров.

В рамках визита проведены переговоры с заместителями председателя правительства Российской Федерации Маратом Хуснулиным, Денисом Мантуровым, Александром Новаком, Алексеем Оверчуком, а также с министром транспорта РФ Виталием Савельевым.

В частности, были затронуты темы развития транспортно-логистических маршрутов Запад- ная Европа – Западный Китай и Север – Юг, строительства нового третьего железнодорож- ного перехода на границе Казахстана и Китая, реконструкции автомобильных дорог и пунктов



пропуска на казахстанско-российской границе.

Также участники встречи коснулись вопро- сов промышленной кооперации, а именно реализации совместных проектов в авто- мобилестроении, горно-металлургической отрасли, агропромышленном комплексе. Российская сторона подтвердила участие в Международной промышленной выставке «Иннопром. Казахстан», которая пройдет 23-25 сентября 2023 года в Астане.

По итогам переговоров сторонами достигнуты договоренности и подписан соответствующий протокол между АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД» о принятии мер, направленных на улучшение приема и сдачи поездов в 2023 году.

В течение месяца компаниям предстоит про- вести технический аудит стыковых пунктов и инфраструктуры, выявить узкие места. По итогам аудита будут согласованы мероприятия по увеличению грузопотока.

### ШУҒА ЖАНА КОМПАНИЯ КЕЛЕДІ



Тоғыз жолдың торабына орна- ласқан Шу станциясында теміржол кәсіпорындары тығыз орналасқан. Енді олардың қатары тағы арта түспек.

Өткен жылы Жамбыл облысы- на тартылған инвесторлардың қатарында «Alstom» компаниясы келген. Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриал- ды-инновациялық дамыту басқар- масының басшысы Аспандияр Сейсебаевтың айтуынша, бүгінгі күні аталмыш компанияға Шу станциясынан, теміржол бойына жақын аумақтан жер телімін беру шаралары қарастырылып жатыр екен. Ал бұл компания болашақта тепловоздарға қызмет көрсетеді. Басқарма басшысы тұрақты қолдау барысында аталмыш компанияға «Бизнестің жол картасы» бойынша инфрақұрылымдарды мемлекет қаражатымен тартып беретіндігін алға тартуда. Демек, амандық болса, ағымдағы жылы шулық тұрғын- дар үшін жаңа жұмыс орындары ашылып, оның ішінде теміржол- шылар кәсібіне сұраныс артады деген сөз. Ал темір тұлпарларға сервистік қызмет көрсетуде тоғыз жолдың торабы Шудың тандалуы кездейсоқ болмаса керек.

Арсен БАЙЗАҚ, Жамбыл облысы



Азат САҢМҰРАТҰЛЫ,

Семей магистральдық желі бөлімшесі  
бастығының бірінші орынбасары:

## Отандық өнім

## ВАГОНЖАСАУ САЛАСЫН ДАМУҒА ҰСЫНЫЛАДЫ

Екібастұз қаласындағы «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС – еліміздегі заманауи жоғары технологиялық кәсіпорынның бірі. Он бес жыл бұрын «Таман» вагон жөндеу депосының базасында үдемелі ин- дустриалды-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде құрылған кәсіпорын жүк вагондары өндірісіне бағдарланған осы саладағы бірден бір отандық компания.



Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Инновация – өндіріс орны- ның ең басты артықшылығы. Яғни, роботтар мен микро- процессорлық техникалар- ды, стенд-трансформерлерді қолдануға бағытталған икемді автоматтандырылған өндіріс процесін құруы – компанияның үлкен жетістігі және келешекте жүк вагондарының түрі мен модельдерінің шығарылымын кеңейту мүмкіндігі. Мәселен, компанияның өндіріс цехта- рына Германияның «SATO», «МЕВА», Австрияның «Atlas Corco», «Fronius» және Ита- лияның «Pentamac», «СМУ» компанияларының стандартты, ал украиндық «Техвагонмаш» НПФ кәсіпорнының стандартты емес жабдықтары орнатылған. Бұлар кез келген маркадағы және қалыңдықтағы метал- дарды өңдейді. Бүгінгі күні кәсіпорын металөндеу бойын- ша қызметтердің алуан түрін көрсетеді: фрезерлік, токар- лық, қашап өндеу, слесарлық жұмыстар, кез келген күрделі металдарды кесу, сырлау си- яқты жұмыстарды атқарады.

Қазақстандық вагон жасау компаниясы қолайсыз жау- ын-шашынды ауа-райынан қорғауды қажет етпейтін сусымалы, үлкен кесекті, даналап тиелетін тауарлар- ды және басқа да жүктерді тасымалдауға арналған 12- 9846 модельді әмбебап ашық жүк вагондарын шығаруға



машыктануда. Өйткені, бұл вагондар елімізде үлкен сұра- нысқа ие. Себебі, Қазақстанда теміржол арқылы тасымал- данатын жүктердің 60% аста- мын өндіруші және өндеуші өнеркәсіптің шикізат өнімдері құрайды. Бүгінде кәсіпорында 11-9980 модельді кеңейтілген есіктері бар толық металдан жасалған вагондар өндірісі игерілген. Сонымен қатар, жауын-шашыннан қорғауды қажет етпейтін, ағаш, темірбе- тон және металл бұйымдары, ұзын конструкциялар сияқты кең номенклатуралы жүктерді, үлкен сыйымдылықтағы кон- тейнерлерді тасымалдауға арналған 13-9808 модельді 4-осьті әмбебап платформа- ларды құрастыру өндірісі де өрге басқан. Өндірісті локали- зациялауда 18-9845 модель- ді екі осьті жүк вагондары, әмбебап ашық вагондарға арналған люк қақпақтары үлкен жетістік деуге болады.

Зауыттың өндіріс қуаттылығы 2000 ашық вагонды және 500 жабық вагонды немесе 500 вагон-платформаны құрайды. Бүгінгі мультимодальды тасымалдауды ұлғайтуға орай нарықтың ағымдағы өзгермелі конъюнктурасы, сондай-ақ неғұрлым тиімді жылжымалы құрамға, атап айтқанда жоға- ры бортты ашық вагондарға сұраныстың артуы компания алдына жаңа міндет-талаптар қойып отыр. Мәселен, жүк вагондарының модельдік қа- тарын кеңейту, атап айтқанда қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін ашық вагонның жаңа моделін әзірлеумен қатар, өндірісті жаңғырту, нарықтық сұранысқа сай технологиялық жабдықты тез қайта құруға мүмкіндік беретін әмбебап өндірістік процесіті құру және жаңа нарыққа, атап айтқанда металл конструкцияларын өндіру нарығына шығу.

Алайда, зауыттың өндірісін

кеңейтуге қолбайлау болып отырған мәселелер бар. Ал- дымен, ұзақ мерзімді негізде кепілдендірілген тапсырыстың болмауы, екіншіден, қажетті қосалқы бөлшектер бойынша импорттың жоғары үлесі. Компоненттерді жеткізу, құю, металл илемдеу, т.б. бойынша Ресейге үлкен тәуелділік бар.

Осы ретте, компанияның вагонқұрастыру саласын дамытуға қатысты бірқатар ұсыныстары да бар. Мәселен, отандық металлургиялық кәсіпорындармен металл прокаттарының номенкла- турасын кеңейту бойынша жұмыс жүргізу немесе Қытайда өндірілген металл прокаттарын Қазақстан нарығына шығару мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар Ғылыми-зерттеу және жаңа конструкторлық әзірлемелерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қаржыландыру жүргізілсе; лизингтік ком- панияларды жылжымалы құрамды сатып алу кезінде жеке кәсіпорындарды қаржы- ландырудың жаңа тетіктерін құруға ынталандыру, ал ли- зингтік компаниялардан отан- дық вагон жасау өнімдерін сатып алу кезінде пайыздық мөлшерлеменің үлесін субси- диялауды арттыру мүмкіндігін қарастыру; сонымен қатар өнімді экспортқа шығару кезінде қосымша құн салығын төлеуден босату ұсынылады.

Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

### НОВЫЙ МАРШРУТ СОТРУДНИЧЕСТВА



Первый грузовой железно- дорожный маршрут Вьетнам – Ки- тай – Казахстан с электронными компонентами отправился в Казахстан через международ- ный железнодорожный порт Сиань.



Поезд отправился с железно- дорожной станции Пинсян на юге Китая. Он прибудет в Казахстан по маршруту Китай – Европа. Ожи- дается, что поезд достигнет места назначения за 25 дней.

– В прошлом большинство элек- тронных компонентов из Вьетнама поставлялось в страны Центральной Азии по морю. Из-за ограниченный плана выхода время прибытия товаров не определено. Обычно на это уходит около 50 дней, – го- ворит менеджер отдела бизнеса в Пинсяне компании China Railway International Multimodal Transport Цзян Ипин.

По его словам, новый маршрут от станции Пинсян через Сианьский международный порт позволит добираться до Казахстана в два раза быстрее. Он также решит транспортные проблемы между странами Ассоциации государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН) и странами Центральной Азии.

Сегодня в Казахстане ведется активная работа по диверсифика- ции транспортных направлений и развитию инфраструктуры Транс- каспийского международного транспортного маршрута.

Это приведет к тому, что пред- ставители бизнеса из разных стран будут все больше заинтересованы в развитии Транскаспийского транс- портного коридора. Аналитики считают, что поспособствует бес- перебойным поставкам грузов из Азии в Европу и обратно.

Айлин БАУРЖАН



АЯГӨЗ – БАҚТЫ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖАҢА ТЕЛІМДІ ЖОБАЛАУ МЕН ЖОСПАРЛАУДА СЕМЕЙЛІК ТЕМІРЖОЛШЫЛАР- ДЫ ӘЛІ ДЕ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС- ТАР КҮТІП ТҮР. ЖАҢА ТАРМАҚ САЛЫНАТЫН ӨНІРЛЕРДЕ ӘЛІ ДЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛҒАНҒА ДЕЙІН КӨПТЕГЕН ІС-ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ. БІЗ БАРЛЫҒЫНА ДАЙЫНБЫЗ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАҢТАРДЫҢ БАСЫНАН БЕРІ  
ТЕМІР ЖОЛДА

410 мың

ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ  
ҚАР ШЫҒАРЫЛҒАН.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ  
БОЙЫНША АСТЫҚ  
ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

10 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН  
МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ  
ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

23 млн

ТОННАДАН АСЫП,  
РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШТІ  
ҚҰРАДЫ.



## ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ

 **Ерман ӘБДИЕВ,**  
Қаратау



ТӨТЕНШЕ  
ЖАҒДАЙ

Жыл басында Жамбыл жұртшылығын әбігерге түсірген дауыл кезінде Жаңатас станциясында электр бағаналары құлап, Табақбұлақ станциясында Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясына қарасты ғимараттың шатыры ұшып кеткен.



Жедел құрылған аудандық штабтың шешімімен мердігерлер анықталып, құлаған бағаналар жергілікті әкімдіктің көмегімен қалпына келтірілді. Ал Жамбыл – Жаңатас телімінде орналасқан шағын Табақбұлақ станциясындағы ғимараттың шатырын қалпына келтіруді дистанциялықтар өз мойнына алып, 4 күннің ішінде бітірді. Қаратау станциясындағы вокзал ғимаратына жапсарласа орналасқан ғимараттың да шатыры ұшқан еді. Бұл ғимаратта тауар кассирлері, жүк қабылдап-өткізушілер, т.б. отырады. Қалпына келтіру жұмысын аудан әкімдігі өз мойнына алды. Қаратау станциясы бастығының орынбасары Ғалымжан Сайлаубектің айтуынша, қазір мердігер компания жұмыс жүргізіп жатыр.

– 7 қаңтар күні Қаратау қаласында штаб отырысын өткізген облыс әкімі бұл жұмыстар 16 қаңтарға дейін аяқталуы керектігін айтқан болатын. Амаңдық болса, сол мерзімде жұмыстар аяқталады, – дейді Ғалымжан Сайлаубек.

Сонымен қатар Қаратау станциясындағы Жамбыл жол дистанциясына қарасты ғимараттың да шатыры ұшыпты, алайда жолшылар екі күннің ішінде оны өз күштерімен қайта жапты.

Бүгінгі күні Жамбыл белгі беру және байланыс, жол дистанцияларының шатырларды жөндеуге кеткен құрылыс материалдарының шығынын өтеу үшін Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы төтенше жағдайға орай құрылған облыстық штабқа шығын көлемін есептеп, хат жолдап отыр. Өйткені, нормативтік заңнамалар негізінде Төтенше жағдай жарияланған кезде резервтік қордан бөлінетін қаржы көздері арқылы шығынды өтеуге мүмкіндік бар.

*Суретті түсірген автор*

## МҰҢАЙ ТАСЫМАЛЫ АЗАЙҒАН

 **Қосқұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



КӨРСЕТКІШ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі өткен жылды табысты қорытындылады. 2022 жылдың 12 айындағы табыс көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда млрд жарым теңгеге артып, қырық млрд теңгеге жуықтаған.

Десек те, экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын, басқа да тауарлар тасымалы да қалыпты деңгейде тұрақты алмағанын да айта кеткен жөн. Соның ішінде ресурсұстаушылардан қара мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған ең алдымен нарықтағы жағдай, ауқымды дағдарыс әсер еткен, Ресей-Украина арасындағы қақтығыс, мұнай бағасының тұрақсыздығы, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлемқабилетсіздігі де себеп болған.

Өткен жылы бөлімшеде қозғалыс қауіпсіздігін өрескел бұзу оқиғасы болмаған, бір оқиға, 2 инцидент тіркеліпті. Еңбек қорғау бойынша пойыздарды қара кезінде бір вагон құрастырушының денсаулығы күрт нашарлап кетіп, басын вагонға соғып алған. Оған дер кезінде жедел жәрдем көрсетілген.

## ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, НҰРА?



СТАНЦИЯ  
ТЫНЫСЫ

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Қарағанды

Осы станцияны 2021 жылдан бері басқарып келе жатқан Мәди Әбен – «ҚТЖ 100 жас есім» жобасының қатысушысы, болашағынан үміт күттіретін жастың бірі. Нұраның бүгінгі жағдайы туралы баяндаған станция бастығының айтуынша, мұнда

теміржолшылардың қалыптасқан мектебі бар. Себебі, осы кәсіпті ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатқан еңбек әулеттері көп. Соның нәтижесі болар, әркім өз жұмысын жақсы меңгерген. Станцияда транзиттік пойыздарды қабылдап, қайта жөнелту, маневрлік жұмыстар мен жүк және коммерциялық операцияларды жүзеге асыру жұмыстары

жақсы жолға қойылған. – Көмірдің орташа тәуліктік тиелімі 350-400 вагонды құрайды. Қарағанды-Сұрыптау, Топар, Жаңаауыл, Балқаш, Жезқазған, Сәтпаев және тағы басқа ЖЭО-ларды көмірмен қамтамасыз етеміз. Тіпті көмір Челябинскіге де жөнелтіледі. Одан бөлек тәулігіне өзімізде құрастырылатын пойыздарды қоспағанда 40-50



жүк және 10 шақты жолаушы пойыздары станциядан өтеді. Себебі Нұра станциясы Астана мен Қарағандының аралығында жатқан, күре жолдың бойында орналасқандықтан транзит жүк көп, – дейді станция бастығы.

Станцияда бүгінде 37 адам ең-

бек етеді, оның бесеуі – станция кезекшісі болса, төртеуі – парк кезекшісі, 5 пойыз құрастырушы, тағы 5 адам тасымал құжаттарын реттейтін оператор болса, 5 тауар кассирі, 9 жүк қабылдап-жөнелтуші бар. Инженер-технолог, станция бастығының екі орынбасары

бар, нұралық теміржолшылар бөлімшесінің табысын арттыруға өз үлестерін қосып келеді. Станция кезекшілері пойыздарды орталықтандырылған басқару жүйесі арқылы жұмыс істейді.

Айта кетсек, Нұра станциясы 1931 жылы Ақмола – Қарағанды теміржолы салынған кезде Орталық Қазақстанның байлығын игеру мақсатында логистиканы дамыту қажеттілігіне қарай құрылған. Кезінде мұнда Қазақстанға жер аударылған өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған. Мәселен, 1941 жылы үш мыңнан аса немістер қоныс аударып, кешеге дейін станцияда еңбек еткен олардың ұрпақтары әлі күнге бар. Осындай тарихи мекенде тұратын станция халқының негізгі жұмыс көзі – көмір кені мен теміржол.

*Суретті түсірген автор*

## ТҮБЕКТІҢ ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

Бір мекемені отыз жылға жуық басқару үшін темірдей төзім мен адамдармен тіл табыса білетін талант және үлкен жауапкершілік болу керек шығар. Маңғыстау вагон пайдалану депосына осынша жыл басшылық етіп, абыроймен зейнетке шығып жатқан Сәрсенбай Есенқұловқа қарап осындай ой түйдік.

 **Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Қарапайым вагон жөндеуші-ден депо директорына дейін өскен Құрметті теміржолшы әріптестері арасында кәсіби білктілігі мен басқарушылық қарым-қабілетінен бөлек азаматтық келбетімен де құрметке ие. Еңбектегі жетістіктері үшін 2004 жылы «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталса, 2012 жылы «Құрметті теміржолшы» атағын алды. 2008 жылы салалық жарыста топ жарған ұжым басшысы ретінде «Үздік басшы» атанса, быттыр үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін тақты. 2007 жылы Мұнайлы аудандық мәслихаттың алғашқы шақырылымына депутат болып сайланып, 12 жыл бойы үш шақырылымында да халық сеніміне ие бола билген санаулы депутаттардың бірі болды.

Сәрсенбай ағаның ата-анасы жолшы болған екен. 1976 жылы мектеп бітіре сала Бейнеудегі Атырау вагон пайдалану депосына қарасты техникалық қызмет көрсету пунктінде вагон жөндеуші болып орналасқан баласына әкесі ақ батасын беріпті. Әскерден келген соң Алматы теміржол институтына сырттай



оқуға түсіп, жұмысын әрі қарай жалғастырады. Бірнеше жылдан соң шебер, сосын көп ұзамай ТҚКП басшысы болып тәжірибе жинады. 1992 жылы Маңғыстау вагон депосы бастығының Бейнеудегі орынбасары болып тағайындалды. Араға үш жыл салып Маңғыстау вагон депосының бастығы болып, зейнетке шыққанша абыройлы еңбек етті. Бүгінде өз ұлы да депода вагон қараушы болып еңбек жолын бастаған.

– Сәрсенбай Есенқұловты көп жылдан бері танимын. Депоға өрімдей жас кезінде келіп бүгінде бір буынның ұстазы болып отыр. Түбек теміржолына сіңірген еңбегі ерен, жұмысына берілген жан. Төрт жүзден астам

адамның жұмысын үйлестіріп, вагон шаруашылығынан шашау шығармай, түбектен өтетін әрбір вагонның қауіпсіздігі үшін барын салды. Өндірісті басқаруда өзіндік ұстанымы бар, біліктілігі мен тәжірибесі ұштасқан теміржолшы. Сондықтан өз атымнан және барша Маңғыстау теміржолшылары атынан ол кісінің өлшеусіз еңбегіне алғыс айтып, шексіз ризашылығымызды білдіреміз, – деді әріптесі жайлы оң пікір білдірген Маңғыстау қосалқы бөлімінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов.

С.Есенқұловтың Маңғыстау теміржолында қалдырған қолтаңбасы ерек. Бірге еңбек еткен замандастары мен әріптестерінің айтуынша, түбек теміржолымен

өткен Гиннестің рекордына кірмей қалған аса ауқымды жүк тасымалын ұйымдастыруда вагон депосы басшысының есімі ерекше аталады. Алып жүкті тасымалдайтын жылжымалы құрам мен оның қауіпсіздігіне тікелей жауапты болды. Жаңа жолдардың салынуы, Өзен мен Болашақ, Бейнеу-Шалқар мен Бейнеу-Тассай аралықтарында вагон шаруашылығының қауіпсіздік бекеттерін ұйымдастыру жұмыстарындағы тапқырлығы, құрылғыларды жаңарту мен модернизациялаудағы еңбегі бір бөлек.

– Маңғыстау вагон депосының бір ерекшелігі – мемлекетаралық шекаралық түйіспе бекеттермен жұмыс істейміз. Өзбекстанмен арада Оазис станциясында, Болашақ станциясындағы Түркіменстанмен қабылдап алу пунктінен бөлек екі теңіз порты бар. Осы жерлерде халықаралық бағыттарға қатынайтын вагондарға қызмет көрсету өте қиын да күрделі жұмыс. Бірақ біз осы қиындық-кедергінің бәрін жойып, жұмысты үйлестіріп, жолға қоя білдік. Бұл – менің ең үлкен мақтанышым, – дейді зейнетке шығып жатқан түбектің тарлан теміржолшысы.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



ҚЫС –  
ҚАТАЛ СЫНШЫ

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша барлық желі бойында, әсіресе жолшылар еңбегі қауырт. Барлық мекемелер қалың қар, қарлы боранның салдарын жоюға қатысуда. Әсіресе қар басып қалатын Аягөз, Жаңа-Семей жол дистанциялары ерекше күш салуда.

– Желтоқсан айынан бастап қар сенбіліктерін тұрақты өткізіп тұруды қолға алған болатынбыз, дегенмен соңғы аптада қар толассыз жауғандықтан күшейтілген режимде жұмыс жасап, күн сайын қар тазалауға жұмылуымызға тура келді. Бүгінгі таңда бұл шараларға желі бойындағы барлық теміржолшылар жұмылдырылған. Бірінші кезекте станциялық жолдар мен бағыттағамалы бұрмалар толықтай қардан тазартылды. Үлгеріп жатырмыз, – дейді бұл орайда Семей магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Қайыргелді Ахметжанов.

Метеорологтар мәліметіне сүйенсек, Аягөз, Жарма өңірі бойынша қар айлық нормадан әлдеқайда көп түсіпті. Сол себепті де «қыс шілдесіндегі» қармен күрестің маңыздылығы артып отыр. Дәл бүгінгі күнге дейін бір ғана Аягөз өңірі бойынша СМ-2 техникасының күшімен 4 960 текше метрден астам қар шығарылған. Бұл соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш болып отыр. Сол себептен жұмыс күші молайтылып, қосымша теміржол платформалары алынған.

– Өткен сенбі күні барша аягөздік теміржолшылар жұмыла сенбілік өткіздік. Барлық жұмыс қозғалысқа кедергі келтірмес үшін жол диспетчерінің нұсқауымен жүзеге



асырылады. Алдағы уақытта да жұмысты осы әдіспен ұйымдастыратын боламыз, – дейді Аягөз жол дистанциясы техникалық бөлімінің бастығы Болат Мустафинов.

Дәл бүгінгі таңда Құрметті теміржолшы Рахат Ботаспаевтың жетекшілігімен Семей жол дистанциясының теміржолшылары орман ішіндегі Белағаш, Ауыл, Дүйсекен станцияларында қар тазалауда екен. Жолшыларға локомотившілер мен станциялықтар да көмектесіп жатқан көрінеді.

Жалпы, қар сенбіліктері мен қар тазалау жұмыстары НЖС-6 басшысы Айдын Шәуежановтың назарында тұр. Барлық мекемелер күн сайын шығарылған қар туралы арнайы есеп өткізіп отырады.

Мұнымен қатар бөлімшеге қарасты барлық желі бойындағы жол айрықтары мен околдықаларды, шағын станциялар жолын, горловиналарды да жолшылар дер уақытында қардан аршып үлгеруде. Әрбір боранды түннен кейін жол монтерлары шалғай станциялар бойына сапарға шығып,


жергілікті теміржолшыларға жәрдемдесуде. Сонымен қатар, жол бойындағы байланыс құрылғылары, құбырлар, көпір асты сай-салалары, станциялық жолдар, перрондар, қызметтік өткелдер алдымен тазартылып, назарда ұсталады.

Қар сенбіліктері мен тазарту жұмыстарына СМ-2, СМ-7Н, СМ-5, ПСС-1 сынды қар тазалау техникасы мен қар жинағыш пойыздардың тиімділігі мол болып тұр. Биылғы қысқы маусымға мұндай техниканың 13 бірлігі толық даярлықпен кіргізіліпті. Сол тәрізді бөлімше көлемінде ФРЭС-2, ЭСО-3 типті қар жинауыш техникалар арнайы бекітілген тепловоздардың көмегімен сынақтан өткен. Бұл техникалардың көмегі әсіресе ПЧ-42 үшін аса маңызды болып тұр. Десек те, кей жерлер тек қолдың күшін қажет етеді. Қысқасы, теміржолшылардың ерен еңбегінің арқасында Шығыстың қытымыр қысы пойыздар қозғалысына кедергі келтірмеген.

*Суретті түсірген автор*



## СДЕЛАТЬ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ ТРЕНДОМ



**В Астане состоялось отчетное мероприятие об итогах благотворительной работы группы компаний «Самрук-Қазына» в 2022 году. Всего за год реализовано 43 социальных проекта, помощь получили порядка 500 тысяч казахстанцев.**



**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

Среди самых ярких инициатив – медицинские поезда, которые помогли 80 тысячам граждан в регионах; «Саламатты болашақ», благодаря которому особенные дети в 15 городах РК смогли заниматься адаптивным спортом; поставка аппаратов гипотермии для реанимации младенцев в роддома Шымкента, Караганды, Талдыкоргана, Актау, Оскемена, Уральска.

Подведение итогов благотворительной работы группы компаний «Самрук-Қазына» впервые прошло в открытом для широкой общественности формате. В нем приняли участие благотворительные НПО Казахстана, получившие помощь дети и взрослые из регионов РК, работники и руководители компаний группы «Самрук-Қазына», представители СМИ и общества.

Во время мероприятия отмечено, что группа компаний «Самрук-Қазына» увеличила бюджет на благотворительность на 40% – до 10 миллиардов тенге. Управляющий директор «Самрук-Қазына» Гибрат Ауганов заявил, что компании фонда намерены и далее увеличивать расходы на благотворительность. Уже в ближайшее время «Самрук-Қазына» начнет

перечислять семь процентов чистой прибыли в социальный фонд «Қазақстан халқына». По предварительным подсчетам, эта сумма составит около 130 миллиардов тенге. Таким образом расходы группы компаний «Самрук-Қазына» на благотворительность увеличатся в 13 раз.

В том числе сообщалось, что более 80 тысяч казахстанцев обратились в этом году за помощью в поликлиники на колесах – медицинские поезда, которые с конца мая по ноябрь посетили 147 отдаленных станций по всей стране. Общая протяженность маршрута по республике за шесть месяцев составила 22 009 километров. Проект реализован фондом развития социальных проектов Samruk-Kazyna Trust от имени группы компаний АО «Самрук-Қазына», при участии Министерства здравоохранения Республики Казахстан, в сотрудничестве с корпоративным фондом АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Фонд социальных проектов».

– Благодаря проекту «Медицинские поезда» жителям отдаленных населенных пунктов была оказана бесплатная медицинская помощь. Для нас этот проект имеет большое значение. Появилась возможность улучшить здоровье населения, сделать доступными те услуги, которые нужны жителям отдаленных

районов и сел. Хочу выразить благодарность коллективу, организующему работу поездов, врачам, – отметила генеральный директор фонда развития социальных проектов Samruk-Kazyna Trust Альфия Адиева.

Перед отчетной встречей состоялась панельная сессия, на которой НПО Казахстана, занимающиеся благотворительностью, рассказали о самых ярких проектах 2022 года и поблагодарили «Самрук-Қазына» за оказанную помощь.

Овациями зрителей сопровождалось выступление 30 детей из Астаны и регионов Казахстана, получивших поддержку в 2022 году. Среди них – участники программ «Замандас» и «Қамкорлық» по созданию детских клубов и реабилитационных центров для особенных детей. Ребята и их родители выразили благодарность за оказанную поддержку, прочитав стихотворение «Бес қадам», сочиненное специально к этой встрече.

Красной нитью через все мероприятие прошла мысль о том, что благотворительность – важный фактор зрелости социума. Социальная помощь и благотворительная поддержка уязвимых групп многие говорят об уровне развития любой страны, в том числе и Казахстана.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## Охрана труда

### ДЕФЕКТЫ ПОДТВЕРДИЛИСЬ

**Почти 573,9 тысячи грузовых вагонов обработали на ПТО станции Оскемен-1 за прошедший год.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен

С 1 ноября 2022 года по 31 марта 2023 в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24) проходит четырехмесячник «Контроль боковой рамы», направленный на выявление дефектов литых деталей тележек грузовых вагонов.

За период четырехмесячника на ПТО станции Оскемен-1 выявлен один опасный дефект. 11 ноября при обработке поезда осмотрщик вагонов Шалкар Бюрекбаев в двух боковых рамах обнаружил следы сварочно-оплавленных работ в зоне радиуса R-55 буксовых проемов. При проведении расследования в вагонно-ремонтном депо филиала «Камкор-Вагон» в Оскемене



дефекты подтвердились.

– Пункт технического обслуживания (ПТО) станции Оскемен-1 предназначен для технического обслуживания грузовых и пассажирских поездов, расформирования и формирования сборных, участковых, передаточных поездов, подготовки вагонов под погрузку, прием с подъездных путей и отправление груженых вагонов, обслуживания примыкающих подъездных путей, – информировала инженер-технолог Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова. – Техническое обслуживание вагонов в поездах

своего формирования на ПТО станции Оскемен-1 производится двухгрупповым-двухсторонним методом.

Как рассказали на ПТО станции Оскемен-1, техническое обслуживание вагонов в грузовых и пассажирских поездах ведется согласно графику движения. Осмотр вагонов, проходящих по гарантийному участку грузовых и пассажирских поездов, обеспечивает их подготовку под погрузку.

– Работа пункта ПТО на станции Оскемен-1 организована в четыре смены. В задачи входит своевременная и качественная

подготовка порожних вагонов под погрузку, – продолжила Эльмира Капарова.

Смена на ПТО – это старший осмотрщик вагонов шестого разряда, осмотрщик вагонов пятого разряда, слесари подвижного состава, оператор вагонного депо, оператор по обслуживанию и ремонту вагонов и контейнеров, машинисты компрессорных установок.

Руководит сменой ПТО старший осмотрщик вагонов лично или через оператора пункта технического обслуживания, который находится в его непосредственном подчинении.

Грузовые поезда предъявляются работающей смене к техническому осмотру и обработке, согласно технологической норме времени – 75 минут на 228 осей.

Станция Оскемен-1 по характеру работы является грузовой и отнесена к категории внеклассной. Северный приемоотправочный парк станции является парком формирования и расформирования участковых поездов со станции Шемонаиха, формирования передаточных поездов на станциях Оскемен, Казиевка, Коршуново, Новоустыкаменогорск, обслуживания примыкающих подъездных путей.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 20 января 2023 года в 10.00 (время Астаны) на веб-портале реестра государственного имущества: [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz).

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляется следующее имущество:

| №      | Наименование                    | кол-во | начальная стоимость (с учетом НДС) | стартовая стоимость (с учетом НДС) | минимальная стоимость (с учетом НДС) | гарантийный взнос (с учетом НДС) |
|--------|---------------------------------|--------|------------------------------------|------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| 1      | Вагоны с истекшим сроком службы | 212,00 | 1 661 779 531                      | 4 985 338 593                      | 830 889 765                          | 91 890 000                       |
| Итого: |                                 | 212,00 | 1 661 779 531                      | 4 985 338 593                      | 830 889 765                          | 91 890 000                       |

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

